

**Музыка жетекшісінің 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы ЖШС "Жансултан и К" "Бағдаршам" балабақшасы

Топ: «Балдырған» ересек топ

Балалардың жасы: **4 -5 жас**

Жоспардың құрылу кезеңі: **қантар айы, 2022-2023 оқу жылы.**

<b>Айы</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекет</b>	<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</b>
Қантар	Музыка	<p>- қазақ халқының ұлттық бейнелеу өнеріне баулу арқылы патриотизмге тәрбиелеу;</p> <p>- балаларға тыңдауға, айтуға жастарына сәйкес, тәрбиелік мәні бар әндерді ұсыну.</p> <p>Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту.</p> <p><b>Музыка тыңдау.</b></p> <p>Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау). Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімеледеу, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам), жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен), әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қымылдармен</p>

сүйемелдеу, қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату.

### **Ән айту.**

Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қымылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Қысқа музикалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуенде таза және сөздерді анық айтуға, музиканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешіні көмегімен).

### **Музикалық-ырғақты қымылдар.**

Би қымылдарын, ойындағы музикалық қымылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музиканың қымылдық сипатына қарай женіл, ырғақты жүгіру; музиканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және женіл секіру, қымылдарды музикамен сәйкестендіре отырып, жүрелеп отыру, музиканың екінші бөлігінде қымылдарды өзгерту, музиканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу, музиканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру.

### **Балалар музикалық аспаптарында ойнау.**

Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музикалық аспаптарды қолдану.

Сылдырмақтармен қарапайым әуендерді ойнау.

Балалар музикалық аспаптарын тану және атау.

### **Билер.**

	<p>Әуенниң көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сактау. Женіл, ырғақпен қозғалу; жұппен би қимылдарын орындау; билерде ойындағы музикалық қимылдарды қолдану.</p> <p>Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүргүзу, қимылдарды өзгерту, шапшаңдық пен ептілік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау.</p> <p>Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру. «Қамажай» биін үйрету.</p>
--	---